

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

12 наурыз 2024 жыл

Қызылорда қаласы

КІРІСПЕ БӨЛІМ:

1. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Орталық) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 26 қаңтардағы №13-15/557 бұйрығымен бекітілген *(өзгерістер енгізу туралы)* Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында орталықтың директордың 2024 жылғы 12.03.2024 жылғы №160 - Ө бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

- 1) Сариева Ұлмекен Мұхамедиярқызы - директордың дәрігер-эксперт, жұмыс тобының жетекшісі.
- 2) Алайдарова Гүльзиа Пірімжанқызы – есеп тобының жетекшісі.
- 3) Еденбаева Жұлдызай Жанарысқызы – кадр бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі.
- 4) Альжанова Асем Алматықызы – бас мейіргер, жұмыс тобының мүшесі.
- 5) Сәдуақасова Айгерім Сәдуақасқызы – мекеменің заңгері, жұмыс тобының мүшесі.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылдың наурыз айы аралығы.
Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 12.03.2024ж. бастап 29.03.2024 жылға дейінгі кезеңі қамтылды.

5. Дәрігер-эксперт, Ұ.Сариева топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

6. СИПАТТАМА БӨЛІМ:

1. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Кәсіпорын бөлімдерінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2. Кәсіпорын бөлімдерінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Талданатын объект туралы мәліметтер

1. Шұғыл медициналық көмек кезінде науқастарды медицина қызметкерлерінің алып жүруі;
 2. Ересек тұрғындарға және балалар мен жасөспірімдерге мына мамандықтар бойынша консультативтік-диагностикалық және стационарлық медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру;
 3. Диагностика түрлерін жүргізу және ұйымдастыру
 4. Медициналық реабилитология;
 5. Педагогикалық және тәрбиелік жұмысы;
- №1 бөлімше (пульмонология және диффдиагностикаға арналған)
№2 бөлімше (дәріге сезімталдығы сақталған бактерия бөлмейтін туберкулез науқастарына арналған)
№3 бөлімше (дәріге сезімталдығы сақталған бактерия бөлетін туберкулез науқастарына арналған)
№4 бөлімше (психоневрологиялық аурулары бар туберкулез науқастарына арналған)
№5 бөлімше (бактерия бөлмейтін дәріге тұрақты туберкулез түріне арналған)
№6 бөлімше (бактерия бөлетін дәріге тұрақты туберкулез түріне арналған)
№7 бөлімше (көп дәріге тұрақты туберкулез науқастарына арналған, оның ішінде 5 төсек орын мәжбүрлеп емдеуге, 5 төсек орын паллиативті орынға арналған)
- Өкпеден тыс туберкулез және хирургиялық емдеу бөлімшесі;
Балалар және жасөспірімдер бөлімшесі;
Жансақтау және анестезиология бөлімшесі;

3. Кәсіпорын бөлімінің қызметіне, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Орталықтың бөлімдердің қызметіне басшылыққа алатын құқықтық актілерін зерделеді.

Кәсіпорын бөлімдердің қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

- «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;

- «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық ұйымдармен қамтамасыз етілуге, оның ішінде белгілі бір

аурулары (жай-күйі) бар азаматтардың жекелеген санаттарын, амбулаториялық деңгейде тегін және (немесе) жеңілдікпен берілетін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы №666 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы.

- "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының бар-жоғына міндетті құпия медициналық зерттеп-қарау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-211/2020 бұйрығы.

- АИТВ инфекциясының профилактикасы саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеп-қаралу және консультация алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-204/2020 бұйрығы.

- Зертханалық диагностиканы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының және (немесе) осы ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ережені, сондай-ақ олар жүргізетін зерттеулердің көлемі мен түрлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 758 бұйрығы.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК (әрі қарай – Орталық) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығы сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді: Жоспарда келесі іс-шаралар қарастырылған: «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» басшылыққа ала отырып жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіп басқармаға ақпарат беру, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіп басқармаға ақпарат беру, Сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдігіне ішкі талдау жүргізу және ол бойынша қажетті шараларды қабылдау, қабылдаған шаралар жөнінде тоқсан сайын басқармаға ақпарат беру, Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін жүзеге асыруды ұйымдастыру жөнінде жұмыстар жасау, Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған сыбайлас жемқорлық

сипатындағы фактілері туралы материалдар бойынша жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес аясында ақпараттық жұмыстарды жүргізу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұмыс жасау, Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша анықталған қылмыстық істер бойынша видео роликтер арқылы қызметкерлер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, Азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеру және заңды құрметтеу дәстүрін қалыптастыру мақсатында құқықтық оқуларды ұйымдастыру, Қызметкерлердің арасындағы жемқорлыққа қарсы үгіт насихат жұмыстарын жүргізу, Мемлекеттік қызметтерді алу барысында қызметкерлердің қызметтік жағдайын жеке мүддесі үшін пайдалануына жол бермеу туралы, Мемлекеттік сатып алу заңнамасы бойынша орын алған заң бұзушылықтарға талдау жасап, нәтижесімен тиісті мемлекеттік сатып алу комиссиясының мүшелеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізу, Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпы ұлттық іс-қимыл жоспарының басымдығы шеңберінде белгіленген тапсырмаларды басшылыққа алу. Орталықтың сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету бойынша 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы ақпарат.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобы орталықтың өзінің қызметінде басшылыққа алатын кодекстер, заңдар, нормативті құқықтық актілер, құқықтық актілер қарастырылды.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы № 360-VI ҚРЗ Кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзгеде нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мүмкіндік туғызатын дискрециялық өкілеттіліктер мен нормалар анықталған жоқ.

Кадрлық құрам бойынша:

2024 жылғы ақпан айында бекітілген штаттық кестеге сәйкес **457,5** штаттық бірлікте директормен бекітілген. Барлығы - **465** жұмыскер қызмет атқаруда. Оның ішінде дәрігер – **37** (бала күтімінде - 1), орта буын мамандар – **185** (бала күтімінде – 11), кіші буын мамандар – **153** (бала күтімінде – 11), өзге мамандар – **90** (бала күтімінде – 9), қоса атқаратын қызметтегі мамандар (по совмещению) – **9**.

2024 жылдың қаңтарынан «Облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК бойынша зейнет жасына жетіп, жұмыс жасап жатқан дәрігерлер саны – **6**. Олардың мамандықтарына келетін болсақ **1** – директордың ішкі аудит жөніндегі орынбасары, **2** – дәрігер статист, **1** – фтизиатр дәрігері, **1** – рентгенолог дәрігері, **1** – дәрігер эксперт.

«Облыстық фтизиопульмонология орталығы» бойынша бір салалы мамандардан **1** – дәрігер хирург, **1** – дәрігер реаниматолог, **1** – дәрігер фтизиатр қажет. **2024 – жылғы 3 – айлық** бойынша **0** - дәрігер, **0**- орта буын, **0**- тазалықшы, **2**-басқа да қызметкерлер жұмыстан босатылған болса, **1** – дәрігер, **0** – орта буын, **0** – тазалықшы, **4** – басқа да қызметкерлер жұмысқа қабылданған.

Жалпы кәсіпорын бойынша кадрлар қозғалысы тұрақты деңгейде екені байқалады.

Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. (Қаралған құжаттар: штаттық кестелері, жеке құрам туралы бұйрықтар, кадр қозғалысы туралы есептер т.б.)

- кадрлардың сандық және сапалық құрамы, функционалдық міндеттерін ескере отырып лауазыммен айналысатын дәрігерлердің кәсіптік білімін зерделеу (ұсынылған сипаттамалармен және біліктілік талаптарымен салыстыру);

Кәсіпорын кадрларының сандық құрамы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 7 сәуірдегі №238 «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етілу нормативтерін бекіту туралы» (Күшін жойған) Бұйрығына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-205/2020 «Өңірлерді медицина қызметкерлерімен қамтамасыз етудің ең төмен нормативтерін бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы Заңының» 138-бабының 2-тармақшасына сәйкес бекітілсе, сапалық құрамы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес маман сертификаты талап етіліп, жұмысқа қабылданып отырған. Әр маманның қызметтік міндеттері бірінші басшымен бекітілген.

2024 жылы 3 айлық заң бұзылушылықтар мен кемшіліктерге жол берілген жоқ.

Құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

- медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға және оқытуға бағытталған іс-шараларды талдау;

Мемлекеттік аудитпен қамтылған аралықта медицина қызметкерлері біліктілігін арттыру мақсатында әртүрлі семинарларға қатысып отырған.

2024 жылы 3 айлық облыстық фтизиопульмонология орталығы бойынша білімін жетілдірген жоғары және орта буын қызметкерлер жоқ. Қызметкерлер негізінен «БМСК кезеңіндегі науқастардың созылмалы обструктивті өкпе ауруларын жүргізу тактикасы», «Senim» Медицина саласы қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалы тарапынан «Еңбек жанжалдары. Еңбек жанжалдарын (дауларды) реттеу бойынша келісім комиссиясының қызметі» тақырыбында білім жетілдіріліп, сертификаттар алынған. «Астана оқу орталығы» Қызылорда филиалында «Ауруханаға дейінгі медициналық көмек (BLS,.)» бойынша жедел көмек көрсету жоғары және орта буын қызметкерлеріне сертификаттар берілген. Республикалық «Санат» біліктілікті арттыру орталығымен «Денсаулық сақтау және медицинадағы статистика» «Жаңа коронавирустық инфекция (COVID-19) этиологиясы,

эпидемиологиясы, клиникасы, диагностикасы, емі және алдан-алу», Қызылорда жоғары медициналық колледжі базасында «Жалпы медбикелік технологиялар», "Балалар мен ересектерге арналған жедел жәрдем және қарқынды емдеу", «Фтизиатрияның өзекті мәселелері», «Дәрігер қызметін SMR-ге беру принциптері» «тақырыптарында біліктілігін жетілдірілген, дипломдары мен сертификаттар алынған.

Бұл мәселе бойынша 058-нысанды, 17-нысанды, 43-нысанды, 30 – нысанды, 47-нысандағы тоқсандық және жылдық есептері, алынған дипломдары мен сертификаттар, қызметкерлердің кадрлық айналымдары мен біліктілік жетілдіруі, санаттылығы есептері, т.б. құжаттары қаралды. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Талдау жүргізген уақыты 2024 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз, айларында Орталықтың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар:

персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ішінара ауысуы, мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ;

рұқсат беру функциясы жоқ;

бақылау функцияларын іске асырмайды;

бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер туындаған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу және жылдық жоспардың толықтай атқарылуы бойынша жүргізілген қызметтерін атап айтатын болсақ:

Орталықтың 2024 жылға арналған даму жоспарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңының 5-бабын толықтай орындалып, мемлекеттік сатып алу веб-порталына уақытысында енгізілуде.

2024 жылы «Фтизиопульмонология орталығында» мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 70 келісім шарт жасалды. Оның ішінде: ашық конкурс арқылы - 3, баға ұсыныстар бойынша – 27, өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден алу тәсілімен – 10, мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 7, электрондық дүкен арқылы – 23.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың Орталықтың жай-күйі қалыпты және онда жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпараттар, мәліметтер берілуде.

Тұрақты негізде 2024 жылға арналған Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімділігіне мониторинг жүргізілуде.

Орталықтың директоры мен қызметкерлерінің қатысуымен өткізілетін әр жиналыс, отырыстарында ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, азаматтық қызметшілердің Әдеп кодексін, еңбек тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету жөнінде ескертілуде.

Сондай ақ, сыбайлас жемқорлыққа қатысты келеңсіз жағдай фактілері орын алған жағдайда Орталықтың, басқармаға жедел хабарлауы, жауапты қызметкерлер арасында оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі, әсіресе кадрлардың жиі алмасуына жол бермеуде, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі мен мемлекеттік сатып алуларды өткізуде, келісім, анықтамалар беру

функцияларын атқару жағдайында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің сақталуы қамтамасыз етіліп, тұрақты түрде бақылауға қойылған.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мақсатында, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген мониторинг негізінде Орталық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобымен, өз қызметінде басшылыққа алынатын кодекстер, заңдар, нормативтік құқықтық актілер зерделенді.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК қызметкерлерін іріктеу мен тағайындау барысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Атап айтқанда, емдеу ұйымдарында емдеу саласы, сонымен қатар кадр мәселесі, қызметкерлерді жұмысқа (дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері, әкімшілік қызметкерлерді) қабылдау саласына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазіргі таңда жұмысқа орналасу электрондық форматқа көшірілген, бос жұмыс орындары «электрондық еңбек биржасына» орналастырылады (enbek.kz).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағына сәйкес, барлық медицина ұйымдарындағы бос жұмыс орындары enbek.kz сайтта ашық жариялануда, бос жұмыс орындары пайда болған кезде медицина ұйымдары жергілікті жұмыспен қамту орталықтарына ақпарат беріп отырады.

Нәтижесінде облыстың барлық медициналық мекемелерінде бос және (немесе) уақытша бос орындарға әңгімелесу өткізудің және комиссия жұмысының ашықтылығын мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды шақыруды және әрбір кандидатпен әңгімелесу барысын техникалық жазба құралдары көмегін қолдану тапсырылған.

Сонымен қатар облыстың медициналық мекемелері бос және (немесе) уақытша бос орындар **электрондық еңбек биржасына** тіркеу арқылы хабарлама жариялайды.

Медициналық ұйымдарында бос жұмыс орны қалыптасқан жағдайда электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді карап, әңгімелесуден өткеннен кейін еңбек шарты жасалып, жұмысқа қабылданады.

Алайда, жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді карағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

Жұмысқа қабылдау барысының ашықтығының жоқ екенін көрсетумен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім екенін аңғартқан.

Бұл ретте, «құқықтық олқылық» болудың келесідей индикаторлары байқалады:

1) лауазымды тұлғаның және/немесе талдау объектісінің құзыретін регламенттейтін ережелердің болмауы, бұл заңсыз пайда алу мақсатында өкілеттіліктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін тудырады;

2) құқықтық акт немесе ішкі құжат талдау объектісі лауазымды адамының шешімдер қабылдау негіздері және тәртібі белгіленбеген.

Ұсыным:

1) Жұмысқа қабылдау тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажет;

2) Кәсіпорынға жұмысқа қабылдау барысында құрылатын комиссия құрамына басқару органы, яғни Басқарманың тиісті қызметкерлерінің және «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының өкілдерін енгізу қажет;

3) Жұмысқа қабылдау кезінде үміткерлермен әңгімелесу барысын бейне және аудиотіркеуді қолдану арқылы өткізу;

4) Кәсіпорынның интернет сайттарында, әлеуметтік желілерінде бос орын туралы ақпараттарды жариялануын қамтамасыз ету.

Жұмысқа қабылдау барысында электрондық еңбек биржасынан жолданған түйіндемелерді қарағаннан кейін әңгімелесу өткізу тәртібі регламенттелмеген.

Лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау.

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК тағайындау барысында лауазымға конкурстық іріктеуді жүргізбей тағайындау фактілері орын алмаған.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Орталықтың бос лауазымдарға конкурсты өткізу және тәртіптік жазалардың мерзімінен бұрын алып тастау процесі тек НҚА-ға сәйкес өткізіледі. Бұл бағытта сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер анықталмады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

2024 жылдың қаңтар, ақпан, наурыз айына дейін Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңінде жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болмаған.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.).

«Қызылорда облыстық фтизиопульмонология орталығының» ШЖҚ КМК-нің конкурсы «Еңбек биржасы» сайты арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай

конкурс отырысы кезеңінде кәсіпорын тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу кадр маманы арқылы жүзеге асырылады.

Кандиттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Басқарма тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей директордың жұмыскердің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақтылы қабылдауға, оның ішінде: 1) мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша жұмыскердің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа жұмыскерге тапсыруға;

2) жұмыскердің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3) мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс. Жұмыскердің, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына және тиісті заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Орталықтың жұмыскерлерін көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін, сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге Орталық тарапынан сыйақы берілмейді.

Мерзімнен бұрын алынған жазалардың көптігі.

Есептік кезеңде мерзімнен бұрын жазалар алынбаған.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім меңгерушілердің, орынбасарлардың ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес Орталық қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған орталық қызметкерлеріне сыйақы беру үшін орталықтың бөлім меңгерушілердің ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

Тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау.

2024 жылы 3 айында тым қысқа мерзімде тәртіптік жазалар алынбаған.

Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР Заңдарына сәйкес, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексіне сәйкес, Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа да фактілер орын алған жоқ.

2024 жылдың 3 айына дейін қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылды. Қызметкерлер арасынан сыбайлас жемқорлық, әкімшілік тұрғысында құқық бұзушылық орын алмаған.

Сонымен қатар, айта кететін жайт, жұмысқа қабылданатын әрбір жұмыскерді қызметке қабылдамас бұрын осы тексеруден өтеді.

Мүдделер қақтығысын реттеу бойынша.

2024 жылдың 3 айына дейін Орталық бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша
мемлекеттік қызмет көрсету 1-қызмет түрі көрсетіледі;

Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру орталықтың құзыреттілігінде көзделмеген.

Бақылау функцияларын іске асыру

Орталық бақылау функциялары іске асырылмайды.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру.

2024 жылы жалпы орташа есеппен 694 белсенді туберкулез науқасқа қаралған қаржы 2 703 967,0 мың теңге, туберкулезге қарсы препараттарға 492 930,0 мың теңге және МӘМС жүйесінде 80 ересек тұрғындарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмекке 13 848,3 мың теңге қаржы қаралған. Жалпы ӘМСҚ-нан қаралған қаржы - 3 210 745,3 мың теңге. Бір белсенді туберкулез науқасқа бекітілген кешенді тарифы 324 683,82 теңге.

Ересек тұрғындарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмектің орташа тарифы 173 110 тенге құрайды.

Бөлінген қаржы көлемінде Еңбек ақы қорына - 1 930 353,3 мың тенге, азық-түлікке – 141 172,9 мың тенге, дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттарға -1 014 664,5 мың тенге, тауарлады сатып алуға – 47 681,5 мың тенге, коммуналдық қызметтерге -50 110,8 мың тенге және басқада қызметтермен жұмыстарға -64 707,1 мың тенге қаралуда.

Кәсіпорынның айлық табыс қоры жалпы қаржының 59,4 %, азық түлік 4,3 %, туберкулезге арналған дәрі-дәрмек 15 %, дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттар 16%, тауарлады сатып алу 1,6%, коммуналдық шығындар 1,7%, басқа да қызметтермен жұмыстар 2% құрайды. Бір айда еңбек ақы қорына -160 862,8 мың тенге, бір төсек күнге азық-түлікке – 2605,10 мың тенге және дәрі-дәрмектермен медициналық мақсаттағы заттарға 19744,0 – мың тенге жұмсалады.

Кәсіпорында ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Орталыққа қарауға жолданған жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талдау жасалды. Талдау барысында мерзімі кешігіп орындалған арыз-шағымдар анықталмады. Сонымен қатар, Орталықтың қызметкерлері Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің «Ақпараттық сервисі» базасы бойынша тексеріліп, сотталмаған және айыппұлдар салынбағандығы анықталды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты теріс материалдар анықтауға мониторинг жүргізілді. Зертеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ. Прокурорлық қадағалау актілері келіп түскен жоқ. Сот тәртібімен даулар деректері орын алмаған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде орын алатын кемшіліктердің алдын алу мақсатында, қызметкерлердің қатысумен «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заң талаптары сақталған.

Кәсіпорынның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде тәуекелдерін тудыратын сәйкесіздіктерді жою бойынша,

ҰСЫНЫМДАР:

1. Кәсіпорын қызметкерлері арасында үнемі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі бойынша, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» бойынша құқықтық оқытуларды үнемі жүргізу;

2. Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу қағидаларының (ҚР Қаржы министрінің 28.12.2015 жылғы №694 бұйрығымен бекітілген) 18-тармағында тапсырыс берушілер әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы заңды күшіне енген соттың шешімін алғаннан кейін жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу мақсатында үш жұмыс күн ішінде уәкілетті органға нысан бойынша мәліметтерді уақытында ұсыну.
3. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар туралы мәліметтерді уәкілетті органға дереу жолдануын қамтамасыз етілуін бақылауға алу.

«КЕЛІСІЛДІ»

Жұмыс тобы мүшелері:

1. Сариева Үлмекен
2. Алайдарова Гүльзия
3. Еденбаева Жұлдызай
4. Альжанова Әсем
5. Сәдуақасова Айгерім



Жұмыс тобының жетекшісі
Жұмыс тобының мүшесі
Жұмыс тобының мүшесі
Жұмыс тобының мүшесі
Жұмыс тобының мүшесі

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Кәсіпорын директоры



Н. Әмір